

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы 2025 жылдың 27 мамыр күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүйелі жұмыстар жүргізу, қамқоршылық кеңес мақсатында өткен жиналыстың

№3 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметі төмен , жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстыру
2. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Бисенбаев сөз алды.
- Жазғы сауықтыру- шынықтыру тәрбиелік маңызы сонда—ол балалардың уақытын әсерлі, тартымды етіп өткізіп, педагогикалық жағынан мақсатты болуына жағдай жасайды, олардың денсаулығын нығайтады, жаңашылдыққа ұмтылған қажеттілігін қанағаттандырады, шығармашылық жағынан өзін-өзі танытады, еңбек, таным, өнер, ойын және жеке тұлғаның қоғамдағы өз орнына нықтайтын басқа да салалар бойынша әртүрлі мазмұндағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Жазғы демалыс— бұл тек әлеуметтік қорғау ғана емес, балалардың шығармашылық дамуына мол мүмкіндік. Бөбекжай-бақшадағы жазғы сауықтыру жұмысының барлық бағыттары—дене шынықтыру-сауықтыру. Баланың жазғы уақыты көңілді өтуінің маңызы өте зор екеніне ешкім де таласа қоймасы анық. Сергек, жағымды әсерлі көңіл күй—жазғы уақытта балалармен жұмыс жасаудың басты шарттарының бірі. Сондықтан бөбекжай-бақшадағы әлеуметі төмен, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстыру керек деп ойлаймын.

Шығып сөйлеуші көп балалы ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі:

А.Бектасова

- Әр жыл сайын бөбекжай-бақша ұйымдастыруымен жазғы шынықтыру-сауықтыру шаралары өтеді. Балаларымыз жазғы уақытын қызықты әрі тартымды өткізсін деп бөбекжай-бақшасының жазғы лагеріне береміз.

Шешім:

1. Әлеуметі төмен , жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстырылсын.



Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

А.Задаева

А.Мұратова